

АУЫЗЕКІ ӘНГІМЕЛЕРДІ ЛИНГВОФОЛЬКЛОРТАНУЛЫҚ ТАЛДАУ БАРЫСЫНАН

Капашева Балжан

kapasheva777@gmail.com

Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-дың магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Ж.А. Жақыпов

Фольклорлық жанрдағы ауызекі әңгімеге лингвофольклортанулық талдау жасау әңгіменің мән-мағынасын толық түсінуге жол ашады. Ауызекі әңгімедегі тілдік қолданыстар, эмоционалды-экспрессивті сөздер, ішкі композициясы, сөйлемдердің берілу сипаты, фонологиялық өзгерістер барлығы дерлік сөз болады. Осы арқылы біз шағын прозаның тілін жетік меңгеріп, түсіне аламыз. Себебі, әр заманның тілдік бірліктері, олардың қолдану сипаты әрқилы болады. Ондағы көнерген сөздер, тарихи сөздер, мағынасы қазіргі кезде өзгерген сөздер, т.б. тілдік қолданыстар талдауды қажет етеді.

Қазіргі уақытта шағын прозалардың тіліне лингвофольклортанулық талдау жасау маңызды зерттеулердің бірі болып отыр. Яғни оқырмандар әңгімені құрғақ, ішкі интуициясына ғана бойлап оқыса, мәтіннің толыққанды мағынасын түсіне алмайды. Өткен замандағы ауызекі әңгімелердің мән-мағынасын, қолданысын, ерекшелігін түсіндіру – жұмыстың өзектілігі.

«Бабалар сөзі» жүз томдық еңбектің 96-шы томы ауызекі әңгімелерге арналған. Ондағы әңгімелер тарихи оқиғаларға, тұлғаларға, географиялық аймақтарға байланысты құрылған. Бірінші бөлімі Қарағанды өңірінде болған оқиғаларға байланысты жазылған. Мысалы, «Жанатын тас» әңгімесі шағын болғанмен, ішкі композициялық құрылымы толық берілген, сонымен қатар мәтін диалогке құрылған. «Ауызекі әңгіменің негізі шын деректен, реалды оқиғадан, нақты кейіпкерлерден жасалуы керек, әрі дарынды әңгімешілер қарапайым ғана қысқа да ықшам әңгімесінде оқиғаны дәл, нақты бере отырып, бір оқиғаның өрбуін анық, айқын көрсетеді» [1.15]. Сондықтан ауызекі әңгімені оқып отырғанда оның шын өмірден алынғандығын ескеріп, өзіне тәлім-тәрбие, болжам, тұжырым алып отырасын.

Мәтіннің экспозициясы «Қазіргі Қарағандыдағы ескі қаланың орнында қалың қараған өседі. Сол қарағанның ішінде соңында екі-үш тазысы бар, бір байдың Апақ деген қойшысы қой жайып жүреді» [1.33], -деп, басталады. Яғни, бұл жерде оқиға қай жерде, қай уақытта, кіммен басталатыны көрініп тұр. Осыдан бастап мәтін бірден өріс алады. Ауызша әңгіменің түйіні оқиға басталатын жерде туындайды. Қойшының қой бағып жүріп суырды көріп қалып, оның артынан жүгіре жөнеледі. Суырды інінен іздеп жүргенде бір тас көмірді тауып алады. Әңгіменің шарықтау шегі « - Бірақ бұл алтын да емес, күміс те емес, жез де емес, ал жәй тас та емес. Не екенін бір Алла өзі білсін, - деп отырғанда, бір тас отқа түсіп кетеді. Ол жана бастайды.

Отырғандар:

-Тас жанып жатыр, тас жанып жатыр! – деп шу ете қалысады» [1.33]- деп басталады.

Мәтіннің шешімі Апақ қойшы сол аймақтың төресінен «ат тұяғындай алтын, қой тұяғындай күміс алған» екен. Қарағандыдағы алғаш «Қаразабой» деген шахта сол Апақтың көмір тапқан жерінен ашылған екен.

Мәтінде тілдік ерекшеліктер байқалады, мысалы: тазылар тұра жөнелді дегеннің орнына «бастыртады», жүнге бояу болып жұқпайдының орнына «қаппайды», жай тас емес дегеннің орнына «жәй» тілдік бірліктері қолданылған. Сонымен қатар, «ат тұяғындай алтын, қой тұяғындай күміс алған» теңеулері қолданылған.

«Қысқы қызылдарда» ауызекі әңгімесін актив және пассив сөздер қатарларына бөліп талдайық. Себебі, ауызекі әңгімелерде осындай сөздер жиі ұшырасады. Мысалы: «Мен он үшін жасымнан бастап осы Қарағанды кенінде кіретарттым». Ең алғаш әкем

марқұм мені бұрынғы кәнігі кірекештерге тапсырып қосты. Көкалабас деген атанымыз болатын, ірі мықты, аяңшыл жануар еді. Осындағы сөздерді қазіргі кезде қолданыла бермейтін пассив сөздер қатарына жатқызамыз. Түсіндірмелі сөздікте «кіре» сөзінің мағынасы: *І көне Жалдамалы күш көлігі. Мысалы: Кіре айдады [тартты, салды] – кіремен жүк тасыды [2.438].* Сөздікте «кірекеш» деген *кіремен жүк тасушы, жүкші, кіреші.* «Кәнігі» дегені *Әбден төселген, машықтанған [2.370].* «Атан» сөзінің мағынасы төрт жастан асқан піштірілген түйе.

Әңгімеде көне сөздер мына өлең жолдарында кеңінен қолданылған:

Қаламаса ешбір жағдай оған сенер,
Ақыңды дұрыс санап бермесе егер.
Өксітпе өміріңді, қарашығым,
Деп отыр анаң дағы «қайтып келер».

Жауыздар сорлыларды *әсте* арбаған,

Бақалшы, сәудегерлер жұрт алдаған.
Талкесу кіре тартқан бола алмады,
Тілейік күнкөрісті бір Алладан [1.36].

Мұндағы «бақалшы», «саудагер» сөздері синонимдік қатарды құрап тұр, бірақ бірішісі пассив болса, екіншісі актив қабатында қолданылады. Қазақ тілінің түсіндірмелі сөздігінде «бақалшы» сөзіне мынадай анықтама берген: *Уақ-түйек сатумен айналысушы.* Ал «саудагер» сөзі қазіргі кезде сатушы сөзімен қатар қолданыла береді, бұлар актив сөздер. Сингорманизм заңдылығына байланысты *саудагер-сәудегер* дауысты дыбыстардың өзгеруін байқаймыз. «Әсте» сөзі қазақ тілінің түсіндірмелі сөздігінде *1. Сірә, ешбір. 2. Ешуақытта, ешқашан. 3. Жайлап, біртіндеп, ақырындап.* Ал, мәтінде жайлап, ақырындап деген мағынасында қолданылған. Қ.Қ. Сарекенова пассив сөздерді көне және көнеленген сөздер деп бөледі. 1. Көне сөздердің мағынасы түсініксіз, олардың мағынасы тек этимологиялық талдау арқылы ғана анықтауға болады. Ондай сөздер сөз тіркестерінде жиі кездеседі. 2. Көнеленген сөздердің қолданылудан қалғанмен, мағынасы аздап түсінікті болады» [3.80]. Ауызекі әңгімелерден көне сөздерді де, көнеленген сөздерді табуға болады. Мысалы: *Ақша орнына берген талон бойынша қожайынның лавкасынан қант, шай, сіріңке және шешемнің тапсыруымен ақыреттік бөз сатып алып, ауылға қайттым. Тағы да кіре тартумен айналыстым. Есейе, ысыла келе ұзақ сапарға шығатын болдым. Мыс заводында қорытылған мысты Қызылжар тартатын болдық. Қыс ішінде 150-200-деген түйемен мыс тартқан керуен қарлы жолдарда талай далаға да түнейтін еді. Түйемізді шөгергенде астына қорда орнына төсеп қоятын садақ төсенішіміз, үстінде боса да жылы жабуы болатын. Қар үстіне шөгерілген түйені ықтай сауырына тығыла өзіміз паналаймыз [1.36].* Мұнда *қожайын, ысылу, садақ, шөгеру, керуен* сөздері көнеленген сөздер қатарына жатады. Түсіндірмелі сөздікте бұл сөздерге мынадай түсінік береді: *Қожайын – басшы. Ысылу – жұмысқа, іске төселіп қалыптасу, ширау [2.948].* Садақ – ағаштан иіп жасаған соғыс құралы, жақ [2.560]. Шөгеру – 1. Түйені тізерлетіп жатқызу, шөктіру. 2. Ауысп. Ұрғашы түйені бураға қайыту [2.850]. Керуен – алыс жерге жүк тасуға немесе сауда жасауға арналған көлік тізбесі [2.394]. Бұл сөздерді күнделікті тұрмыста қолданбасақ та, біздің танымымызда, ұғымымызда қандай зат не құбылыс екендігі туралы түсінік бар.

Ал *бөз, кіре, қорда, ықтай сауырына* көне сөздер қатарына жатады. Бұл сөздердің мағынасы түсіндірмелі сөздікте: *Бөз – мақтадан тоқылатын жұқа, арзанқолды ақ мата [2.60].* Бөз орнына сөз берді деген түсінік бар. *Қорда – көң, қи т.б. заттардың бірнеше жыл бойы жатқан үйіндісі [2.420].* *Сауыр – 1. Малдың бел омыртқасынан құйымшақ тұсына дейінгі жерінің үсті. 2. Малдың белдеме мен сан үсті терісінен жасалатын былғарының қалың түрі [2.480].*

Сондай-ақ, орыс тілінен енген сөздер кездеседі: *завод, лавка, герь.* Қазіргі уақытта әлі қолданылып жүрген актив сөздер, яғни жалпыхалыққа түсінікті атаулар кездеседі: *ақша, талон, қант, шай, сіріңке, лавка (дүкен).*

Кез келген мәтінді талдауда ең негізгі мақсат – оның анахронизмін талдау. Ол мәтіннің қай кезеңде, уақытта жазылғандығын аңғартады. Осыған байланысты З.Я. Тураева «Лингвистика текста» деген еңбегінде былай дейді: «Для целей анализа текста важную роль играют анахронизмы. В обоих произведениях они неотъемлемый компонент макроструктуры текста и входят в общую систему противопоставлений [5.77]. Анахронизмдер, З.Я. Тураеваның көрсетуінше, кейде мәтіннің тінімен өрімдесіп тұрса, кейде бұл қазіргі жаргондар, сленгілермен, қазіргі лексикамен күрделі бір қатынасқа түседі. Яғни, мәтіннің құрамында қандай лексикалық бірліктер жиі ұшырасады, ол сөздер қай кезеңде жиі қолданылған тәрізді сұрақтар алға тартылады. Бұл мәтіннің макроэлементі болып табылады. Анахронизмге сөздікте мынадай анықтама берілген.

Анахронизм дегеніміз – (гр. *ana* – кері, *chronos* – уақыт) – жыл санаудағы уақытқа сәйкессіздік (хронологиялық қателіктер) не бір дәуірдің оқиғалары мен сипаттамаларын жаңылыс немесе шартты түрде екінші дәуірге телу. Анахронизм ауыспалы мағынада ескінің қалдығы, жаңа заман дүниетанымымен сәйкеспейтін, көнерген, күні өткен көзқарас, ұғым, салт-дәстүр дегенді де білдіреді [6]. Демек, біз қарастырып отырған көне сөздер мен қазақ тілінің қазіргі қолданысындағы сөздер, мысалы русизмдер, фольклорлық контекст тұрғысынан қарағанда, мәтіннің анахронизмін көрсетеді.

Мәтінді талдау барысында байқалатын тағы бір ерекшелік – тілдік бірліктердің қайталануы. Сол арқылы мәтіндердің байласымы жүзеге асады. Мысалы: - *Осы Шернияз, сенің әкеңді өлтірген мен бе? Қарағандыға келіп Шернияз бай атандың, бар атандың. Бар атандың, зұлым атандың* [1.50]. Ахметова Маржан «Мәтін лингвистикасы» еңбегінде осыған байланысты былай пікір білдіреді: «Дыбыстардың, қосымшалардың, сөздердің, сөйлемдердің қайталануы мәтін құрылымындағы ерекше қолданыстар ретінде қарастырылады. Мәтіннің белгілі бір бөлігінде не болмаса тұтас мәтін құрылымында қайталанып келетін элементтер мәтін бөліктерін байланыстыруда үлкен қызмет атқарады. Қайталамалардың прагматикалық қызметі де зор. Бір дыбыс не бір сөз қайталанған сайын оқшауланып, дараланып, оқырманның назары соған ауады да, сол тілдік бірліктер арқылы беріліп отырған мағынаға ерекше мән бере бастайды. Сөйтіп, қайталанған элементтің қатысымдық, әсер ету қызметтері арта түседі» [4.66-67]. Сондай-ақ, қосымшалардың қайталануы әңгімеге ерекше реңк береді. Олай дейтініміз «*Бақтыбаланың туыстары бермекші де, Төлеңгіт қажының баласы алмақшы* [1.44].» осы сөйлемдегі *-шы, -ші* жұрнақтарының қайталануы оқырманның назарын еріксіз өзіне қаратады. Енді бір сөйлемдерде «*ғой*» шылауының қайталануын байқаймыз. «*Сөйтсек, онымыз қазіргі қызыл ту екен ғой. Сол жолы жұмысшылар қожайынның дүкендерін өз беттерімен ашып, керек нәрселерін қолымен алған ғой*» [1.41]. Шылаудың қайталануы оқырманды болып жатқан жағдайға сендіріп жатқандай сезім тудыртады. «*...Мұрттай ұшқан оның ұртына қылыштың ұшын тығып алады* [1.42.». Ал бұл сөйлемдегі «*мұрт*», «*ұрт*» деген сөздер өзара ұйқасып сөздер тізбегін ерекше байланыстырып тұр.

Ауызекі әңгімелердегі тағы бір өзгешілік сөздердің орфоэпиялық қалыпта қолданылуы. Мысалы: *Үстіп жүргенде, Төлеңгіт қажының Бақтыбалаға үйленбекші болған үлкен баласы қаза болады... Бақтыбалаға бұл қарсаңда Қареке Төлеңгіт қажы баласына әпермек боп, құда түскен... Үшінші күні түнде үй іші ұйқыға кеткеннен кейін төргі бөлмеде күйеу бала Мекебайдың шешесінің қасында жатқан Бақтыбала үй ішіне сездірмей түргеліп киінеді де, ауыз үйге шығады* [1.46]. «*Үстіп*», «*әпермек*», «*түргеліп*» сөздері ықшамдалып қолданған. Тілде сөздерді ықшамдап қолдану уақытты үнемдейді деген пікір айтылады.

Қорытындылай келе, фольклорлық прозаларға лингфольклортанулық талдау жасау барысында мәтіннің қай кезеңді қамтитындығы, қандай тілдік бірліктер жиі қолданылатыны, ондай сөздердің әңгімеге қандай реңк, өзгешелік беретіндігі назарға алынды. Бұндай талдау жасау әңгімені толық түсінуге, мәтінді тұтасым ретінде қабылдауға мүмкіндік береді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Нұр-Сұлтан: «Фолиант», 2013. Т.96: Ауызекі әңгімелер. – 432 бет.
2. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі/ Жалпы редакциясын басқарған Т.Жанұзақов. – Алматы: Дай-Пресс, 2008. -968 б.
3. Саркенова Қ.Қ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы: Оқулық. Екінші басылым – Алматы: Эверо, 2014. – 168 б.
4. Ахметова М.К. Мәтін лингвистикасы: Оқу-әдістемелік құрал. – Орал: «Ағартушы», 2008. – 148 б.
5. Тураева З.Я. Лингвистика текста (Текст: структура и семантика). Учеб. пособие для студентов пед. ин-тов по спец. №2103 «Иностр. яз.». – М. :Просвещение, 1986. – 127с.
6. Биекенов К., Садырова М. Әлеуметтанудың түсіндірме сөздігі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2007. -344 бет. <https://kk.m.wikipedia.org>